

Р.М. Жумашев, А.Қ. Мейрамбеков *

*Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан
(E-mail: zhumashev_rymbek@mail.ru; greatvoron8@gmail.com)*

XX ғ. екінші жартысы — XXI ғ. басындағы ағылшын тарихнамасындағы кеңестік кезеңдегі Қазақстан мәдениеті

Мақалада XX ғасырдың екінші жартысы мен XXI ғасырдың басындағы кеңестік кезеңдегі Қазақстан тарихы, жергілікті халықтың тарихы, шаруашылығы, мәдениеті, дәстүрі, діни нанымдары туралы әңгімелейтін ағылшын ғалымдарының еңбегіне талдау келтірілген. Біз тарихнаманы тарихи білімнің жинақталу тарихын, тарихи ойдың дамуы мен зерттеу әдістемесін, ғалымдардың тарихи еңбектері мен өмірбаянының құрылу тарихын, ғылыми мекемелердің тарихын, тарихи білім беруді ұйымдастыру мен тарихи білімнің таралуын зерттейтін арнайы тарихи пән ретінде қарастырамыз. Мақаланы жазудың негізгі мақсаты зерттеушілерді ғылыми ортамен, қазіргі оқырмандар қауымдастығымен таныстыру. Авторлар XX ғасырдан бастап XXI ғасырдың басына дейінгі кезеңдегі қазақтардың мәдениеті, дәстүрлері, діни сенімдері туралы жазған еуропалық, ағылшын зерттеушілерінің шығармаларына ғылыми талдау жүргізген. Ғылыми зерттеудің теориясы мен әдіснамасы бойынша негізінен тарихизм, объективтілік, тарихи салыстырмалы талдау және тарихи жүйелілік әдістері пайдаланылды. Соғыстан кейінгі жылдары ағылшын-американдық кеңесология әлемдік тарихнамада лайықты орын алу құқығын дәлелдеді, тек батыс елдерінде ғана емес, бұрынғы Кеңес Одағы елдерінде де сұранысқа ие болды. Талдаудың ең дәлдігі мен тереңдігі Джеффри Уилер, Уолтер Колларз, Ширин Акинер, Севкет Ақылдыз, Ричард Карлсон, Виолет Коннолли, Сара Кэмерон, Харун Йылмаз, Рико Исаакстың жұмыстарында ерекшеленді. Мақаланы жазу басында осы кеңестік жүйенің тарихын, соның ішінде Қазақстан тарихын зерттеген ағылшын зерттеушілерінің кітаптары мен мақалалары негізге алынды.

Кілт сөздер: кеңес мәдениеті, кино өнері, тіл саясаты, ағылшын зерттеушілері, қазақ шаруашылығы, дәстүрлер, діни нанымдар, кеңес тарихы.

Kіpіcнe

XIX-XX ғасырлардағы Орта Азия мен Қазақстанды, сондай-ақ ішкі Азияның кеңістігін зерттеу барысында ғылыми пән ретінде қалыптасқан ағылшын тарихнамасы өте танымал және оның батыста шығыстану зерттеулерінің дамуына түбегейлі әсері даусыз. Алайда, уақыт өте келе ағылшын дәстүрі тұрақты сипаттамаларға ие болғанын атап өткен жөн, бұл тарихнамаға ұлттық, тіпті белгілі бір мағынада тарихнамалық парадокс ретінде сипаттауға болатын ерекшелік берді. XX ғасырдың екінші жартысындағы Қазақстанның зияткерлік интеллектуалдық тарихын зерттеу үшін шетелдік тарихнаманың өзіндік ерекшеліктері бар. Ол зияткерлік интеллектуалдық ландшафттың белгілі панорамасын шетелдік зерттеушілердің тәуелсіз және жиі объективті көзқарастары мен пікірлерімен толықтырады.

Орталық Азияны зерттеудегі британдық дәстүрді мұқият зерттеудің басты қайшылығы — ағылшын тарихнамасында, Еуропаның басқа елдеріндегідей, оның көптеген агенттері (саудагерлер, әскери қызметкерлер, саяхатшылар, барлаушылар, ғалымдар) жинаған көптеген материалдар болды. Бұл аймақта болып жатқан оқиғаларды егжей-тегжейлі сипаттауға мүмкіндік берді. Алайда, Орталық Азия Ұлыбритания мен Ресейдің империялық мүдделері тікелей қақтығысып, олардың отаршыл империялары тікелей байланыста болған аймаққа айналды.

Осылайша, кем дегенде XIX ғасырдың ортасынан бастап ағылшын тарихнамасында тұрақты Ресейге қарсы бағыт пайда болды, ол көбінесе аймақтың тарихын, оның халықтарын және олардың Ресеймен қарым-қатынасын объективті зерттеуге бұрмаланған әсер етті. Бейнелеп айтқанда, егер француздар Орталық Азияны зерттеу кезінде жанашырлық пен шынайы ғылыми қызығушылықты басшылыққа алса, онда Орта Азиядағы британдықтар Ресейге және олардың прагматикалық мүдделеріне қарсы әрекет етті. Әрине, бұл ой біршама асыра айтылған, бірақ бұл дәстүр Таяу Шығыстағы британдық экспансия дәуірінің ағылшын тарихнамасында және Азиядағы Британ

* Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: greatvoron8@gmail.com

империясының өмір сүруінде айқын көрінеді. Ол Орта Азияны кеңестік республикаларға айналдырғаннан кейін күшейе түседі және Ұлыбритания өзінің азиялық колонияларынан шыққаннан кейін тоқтамайды. Бұл дәстүр Батыс Атлант мұхитының ағылшын тіліндегі тарихнамасында жалғасты. Осыған қарамастан және осының арқасында ағылшын зерттеулерінің маңызы мен олардың Орталық Азияны зерттеуге қосқан үлесі даусыз, ал классикалық шығыстану дәуіріндегі британдық тарихнама ерекше құбылыс болып қала береді.

1950 жылдардан бастап Орта Азияның ағылшын тарихнамасында шығыстану емес, тарихи-саяси (немесе кеңестік) сипаттағы зерттеулер айқын болды. Қазіргі уақытта 1950-1980 жылдардағы кеңестік жәдігерлердің барлығы ғылым үшін құнды емес екені анық; осы дәуірдегі басылымдардың едәуір бөлігі Шығыс және Орта Азиядағы кеңестік саясатқа қарама-қайшылық талаптарымен байланысты саяси маркалар мен идеологиялық клишелерге із қалдырды.

Бақылау және талқылау

Джеффри Уилер (1898-1990) британдық армияның полковнигі, дипломат және барлаушы, ұзақ уақыт Үндістанда, Иранда және Орта Шығыста қызмет еткен, Англияға оралып, отставкаға кеткеннен кейін 1953 жылы құрылған Орта Азияны зерттеу орталығын басқарды. Уилердің өзі ондаған мақалалар мен үш монографияның авторы. Атап айтсақ: «Кеңестік Орта Азиядағы нәсілдік мәселелер» [1], «Кеңестік Орта Азияның қазіргі тарихы» [2] және «Кеңестік Орта Азия халықтары» [3], соңғысы анықтамалық сипаттағы жұмыс болды. Уилердің барлық кітаптарында аймақтың ежелгі, ортағасырлық және революцияға дейінгі тарихына қатысты материалдар бар, Орта Азия халықтарының тарихындағы кеңестік және әсіресе соғыстан кейінгі кезеңге баса назар аударады. Жалпы кейбір ескертулермен бірге Уилердің еңбектерін сол кездегі ағылшын-американдық тарихнамадағы «кеңестік отаршылдық» тұжырымдамасына жатқызуға болады.

Полковник Уилер Орталық Азиядағы кеңес үкіметі туралы терең ойланған және оның бұл мәселеге деген көзқарасы үлкен қызығушылық тудырады. Ерекше білім мен өткір саяси интеллект, оны кеңестік істерге деген жетілген сенімдерге шабыттандырады. «Ешбір бейтарап адам кеңес үкіметін «империялық үкіметтен» өзгеше деп қарастыра алмайды», – деп оқырманға тікелей хабарлайды, бірақ ол сонымен бірге кеңестік жүйе енгізген өмір сүру, білім беру және экономикалық дамудағы айтарлықтай материалдық жақсартуларды мойындайды.

Уилер Орталық Азия тарихының революцияға дейінгі және кеңестік кезеңдеріндегі екі негізгі мәселені анықтайды: а) британдық және орыс отаршылдық жүйелерін салыстыру; б) аймақтағы кеңес үкіметінің бағасы, мағынасы және әдістері. Уилер Үндістандағы британдық отаршылдық жүйе Түркістандағы орыс жүйесіне қарағанда тиімді болды деген қорытындыға келді; ағылшындар өздерінің колонияларын негізгі модернизациялауды және батыстандыруды жүзеге асырды, дамыған парламенттік жүйені, сот және заң шығарушы билікті қалдырды; Үндістан елдерінің одан әрі дамуы үшін экономикалық негіз қалады дейді. Ресей империясының отарлық режимі өзінің тарихи міндеттерін шеше алмады деп көрсетеді.

1976 жылы Джеффри Уилер «Таяу Шығыс зерттеулері» журналында «Бүгінгі кеңестік Орталық Азияны зерттеу» атты мақала жазды. Мақалада автор Орталық Азия республикаларын Таяу Шығыс елдерімен салыстырады. Бұл мақаланың негізгі мақсаты — кеңестік Орталық Азиядағы ағымдағы оқиғаларына назар аудару. Ол Таяу Шығыстағы сияқты, Орталық Азияның саяси және әкімшілік құрылымы ұлы державалардың қатысуы нәтижесінде түбегейлі өзгергенін баса айтады. Бірақ Орталық Азияда орын алған реформалар өзінің ауқымы мен біркелкілігі бойынша осы уақытқа дейін Таяу Шығыста қолға алынғанның бәрінен асып түскенін айтады [4; 170].

1975 жылы «Канадалық славяндық құжаттар» журналында Джеффри Уилердің «Орталық Азиядағы Ресейдің қатысуы» атты мақаласы жарияланды. Уилер мақаланың басында аймақтың дамуын 4 бөлікке бөледі. «XVIII ғасырдың бірінші жартысында Батыс Сібірге іргелес жатқан қазақ даласының бірте-бірте қосылып, тыныштандырылуынан басталды. Екінші кезең 1850 жылдары Ресей әскерлерінің даланың оңтүстігінен Ташкентті басып алуға және онда Түркістан генерал-губернаторлығын құруға дейін басталып кетті. 1868 жылдан 1884 жылға дейін созылған үшінші кезең Бұхара мен Хиуаны вассалдық жағдайға әкелді, Қоқан хандығының қосылуы және Каспий маңындағы түрікмендердің бағыныштылығы бүкіл аймақтағы ең қатыгез кезең болғанын көрсетеді. Осы уақытқа дейін жалғасып келе жатқан төртінші және соңғы кезең 1917 жылғы революциядан кейін өлкені кеңестендіру және оны Кеңес Одағының құрамдас бөліктері болып табылатын қазіргі Кеңестік Социалистік Республикалар құрамына әкімшілік жағынан қайта құру болды», – дейді.

Жоғарыда айтылған мақаланың мақсатында осы төрт кезеңдегі патшалық және кеңестік биліктің алдында тұрған мәселелерді сызып көрсетуді жөн көрдік.

Патшалық және кеңестік режимнің өлке мәдениетіне ықпалын салыстыра отырып, Уилер патша режимінің саясатына белгілі бір дәрежеде мәдени миссия сезімі әсер етті деп есептейді; негізінде, орыстар әрқашан өз мәдениетінің артықшылықтарын басқаларға беруге ұмтылғанын көрсетеді.

Автор қоғамдық білім беру саласында патша режимі салыстырмалы түрде аз әсер еткендігін айтты: 1917 жылға қарай сауаттылықтың орташа деңгейі 2 пайыздан аспады және ол ірі қалалармен шектелді; бірде-бір университет немесе басқа жоғары оқу орны болған жоқ. Екінші жағынан, коммуникацияларды жаңғырту және қаланы дамыту саласында көп жұмыс атқарылды дейді.

Уилердің бұл мақаласында коммунистер мәдениетті екі бөліктен тұрады деп санағанын айтты: олар «рухани мәдениет» деп, «білім, өнер және қоғамдық сананың басқа нысандары, олардың дамуы қоғамдық өмірдің материалдық жағдайларына байланысты» және «материалдық мәдениет», бұл «өндiргiш күштердiң жағдайы мен адамдардың еңбек әдеттерiне» қатысты. Кеңес режимі патша режимінің ислам мәдениетін жеккөрінішті бағалауымен келісті, бірақ қазіргі және зайырлы деңгейде жаңа «рухани мәдениетті» дамытуды және қажет болған жағдайда, олардың пікірінше, «материалдық мәдениетке» кедергі келтіретін барлық нәрсені алып тастауды ұсынғандығын көрсетеді.

Білім беру, драматургия, кино және радио хабарларын тарату сияқты салаларда мұсылмандардың кеңестік ережелерге біршама бағынғандығы осы мақалада жазылған. Әдебиет, кескіндеме және мүсін сияқты басқа салаларда реакция суық болды делінеді. Әлеуметтік және діни тәжірибелерге араласу мен шектеулер табанды қарсылыққа тап болды және оларды айналып өтудің көптеген жолдары табылғандығы жазылды [5; 190].

1967 жылы полковник Уиллердің «Орталық Азиядағы Ресей мен Қытай» атты мақаласы «Орталық Азия Корольдік қоғамының» журналында жарық көрді. Мақалада Джеффри Уилер екі ұлы державаның ежелгі дәуірден бері Орталық Азия аймағындағы қарым-қатынасының тарихын сипаттады. Қытай билігінің құлдырауы Талас өзенінің бойында 751 жылы олардың әскерлерінің жеңілуіне байланысты болғандығы жазылды [6; 255].

Уилердің «Орталық Азиядағы кеңестік саясат» атты тағы бір мақаласы 1955 жылы «Халықаралық қатынастар (Корольдік халықаралық қатынастар институты)» журналында жарияланды. Мақаланың мақсаты Орталық Азияда не болып жатқанын түсіну және болашақта не болуы мүмкін екендігі туралы түсінік қалыптастыру үшін кеңестік әдістерді мүмкіндігінше бейтарап және объективті түрде зерттеу еді.

Автордың ойынша «мәдени ереже» атты кеңестік әдіс, өте мұқият зерттеуді қажет етеді, өйткені олар мұндай нәрсені ешқашан сынап көрмеген. Орыстар Орталық Азия тұрғындары өздерінің ескі дәстүрлері мен өмір салтынан бас тартып, жаңаларын қабылдағанға дейін батыс стандарттары бойынша толық өнімділікке қол жеткізе алмайды деп санағандығын көрсетті. Бұл ұғым әрине, марксизмнің маңызды ерекшелігі болып табылады, бірақ мәдениеті негізінен исламдық болып табылатын адамдарға қатысты ерекше күшке ие, өйткені орыстар ислам христиан әлеміне қарағанда қазіргі заманғы әдістермен әлдеқайда аз үйлеседі деп санағанын айтты.

Уилер бұл мақалада кеңес үкіметі өзінің мәдени саясатын жүзеге асыру үшін қолданатын шаралардың екі түрі бар — оларды оң және теріс деп көрсетті. Оң шараларға білім беру, техникалық дайындық, өнерді көтермелеу және ұйымдастырылған ойын-сауықты кіргізді. Теріс жағына, қалыптасқан дәстүрлерге және «космополитизмге» қарсылық, тарихты қайта жазу және ең маңыздысы — тіл реформасы деп көрсетті.

Тіл реформасы Уилердің ойынша-кеңестік мәдени саясаттың ең батыл және иконокластикалық ерекшелігі. Автор орыстарға белгілі болғандай, Орталық Азияның байырғы халқының оннан бір бөлігін құрайтын түркі халықтарының өз тілдеріне берік екендігін айтады. Бұл тілдер тек бір-біріне ғана емес, сонымен қатар Кеңес Одағынан тыс жерде тұратын 2 300 000-ға жуық түріктер сөйлейтін тілдерге де ұқсас екендігін көрсетеді. Кеңестік лингвистикалық саясат, ең алдымен, орыс тілінің лексикасын қоспағанда, Орталық Азияның түркі тілдерінің бір-бірімен ұқсастығын жасыруға бағытталған; екіншіден, олардың басқа елдерде қолданылатын түркі тілдерінен мүлдем өзгеше бағыт бойынша дамуын қамтамасыз ету және сайып келгенде, бұл тілдерді тек емле мен лексика бойынша ғана емес, грамматика, синтаксис және тіпті фонетика жағынан да орыс тіліне мүмкіндігінше ұқсас ету мақсатында жасалғандығын айтады.

Автордың ойынша 1940 жылы кириллицаны латынға ауыстыру практикалық және саяси қадам болды, өйткені ол балалардың үйренуі керек әліппелерді өзгертті. Кириллица алфавиті, әрине, латын

сияқты түркі тілдерін жазуға жарамды, ал екеуі де араб тіліне қарағанда анағұрлым қолайлы. Уилердің ойынша теріс аспект түркі мәдениетінің маңызды іргелі ерекшеліктерінің біріне нұқсан келтіруге және сол арқылы түркі халықтарын бір-бірімен байланыстыратын байланысты әлсіретуге тырысудан тұрады деп есептейді [7, 318].

Кезінде кеңес өкіметі Кеңес Одағының әртүрлі бөліктеріндегі сауаттылық мөлшерін 100 пайыз деп жариялады. Егер сауаттылық деп әліпбидің жеке әріптерін тану және жазу қабілетін білдірмесе, бұл мәлімдемені Орталық Азияның басқа жерлерінде де растау қиын болар еді. Алайда, бастауыш және орта мектеп білімі Сирия, Ливан және Израильді қоспағанда, Таяу Шығыс пен Оңтүстік Азияның кез келген аймағына қарағанда Орталық Азияда алға жылжығанын автор мойындайды. Теориялық тұрғыдан алғанда, Кеңес Одағының барлық бөліктерінде бастауыш, жеті жылдық және он жылдық мектептер, университеттер және техникалық колледждер жүйесі барын көрсетеді.

Уилер Кеңес Одағында жеті жылдық білім міндетті болып табылатынын атап өткен. Сонымен қатар, сабаққа қатысудың төмендігі, әсіресе қыздар арасында сабаққа қатыспау, мұғалімдердің жетіспеушілігі, ғимараттар, кітаптар және басқа да оқу құралдары туралы көптеген хабарламалар бар деп жазды. Бұл кемшіліктердің кейбірі басқа елдерде де бар, Англия оны жоққа шығармайды, бірақ Орталық Азиядан хабарланған сауаттылықтың 100 пайыздық мәлімдемесімен келісу қиын дейді. Егер бұл пайыз 50-ден аспаса да, автордың ойынша, бұл Таяу Шығыс пен Оңтүстік Азияның көптеген елдеріндегі пайыздан екі есе көп болуы мүмкін, сонымен қатар көрші елдерге қарағанда әлдеқайда кең көлемде ұйымдастырылған бастауыш техникалық білім туралы да айтуға болады. Уилер зерттеуінде бірқатар университеттер мен ғылым академиялары бары көрсетілген, олардың әрқайсысында іргелі оқу бағдарламалары бар; бірақ тиімсіз оқыту, дамымаған саяси теория, феодализмнің қалдықтары және жергілікті студенттердің орыс тілін білмеуі сияқты үнемі шағымдар бар.

Автор орыс тілін орта және жоғары білім беруде оқыту құралы ретінде қолдану дәрежесі анық емес екендігін көрсетеді. Университеттер мен ғылым академияларында дәрістер орыс тілінде де, жергілікті тілдерде де оқытылады, бірақ университеттік және академиялық бюллетеньдердегі мақалалардың басым көпшілігі орыс тілінде жазылған, ал кейбір жағдайларда жергілікті тілді қолдану тақырыппен және мазмұнмен шектелетіндігін айтады. Орыс тілін жақсы оқыту және қарқынды оқыту қажеттілігі үнемі атап өтіледі және орта мектептерден техникалық колледждер мен университеттерге ауысатын студенттердің орыс тілін білмеуі туралы шағымдар жиі түсетіндігін көрсетеді. «Егер ол орыс тілін жақсы білмесе, Орталық Азияның бірде-бір тұрғыны өз кәсібінде жетістіктерге жете алмайтын сияқты» деген тұжырымға келеді [8; 13].

Сонымен қатар Уилер сауаттылықтың нақты жағдайы қандай болса да, Орталық Азияда орыс және жергілікті тілдерде шығарылатын кітаптар, журналдар мен газеттердің саны орасан зор екеніне күмән жоқ деп айтады. «Миллионнан астам халқы бар Түрікменстанда жетпіс газет пен журнал бар, олардың саны халық тығыз қоныстанған және дамыған республикаларда асып кетуі мүмкін», - дейді. Ең көп таралған кітаптар мүмкін саяси тақырыптағы кітаптар, ал Ленин мен Сталиннің шығармаларын жергілікті тілдерге аудару жүздеген мыңға жеткенін көрсетеді. ҚазМУ-дің (қазіргі әл-Фараби атындағы ҚазҰУ) абайтану кафедрасын ұзақ уақыт бойы басқарған, сондай-ақ қазіргі қазақ әдебиетінің беделге ие тарихының бірінші томының редакторларының бірі болған Мұхтар Әуезовтің «Абай» романы — соның жарқын мысалы екенін атап көрсеткен. Әуезовті бірнеше рет өзінің романын қайта қарауға шақырғанымен, ол 1953 жылғы «Қазақ Ғылым академиясы жаршысының» № 4 нөміріндегі мақаласына сәйкес, ол әлі де Абайдың суфизм мен панисламизмнің басты кейіпкері болғанын табанды түрде мәлімдейді. Ол тіпті XIX ғасырдағы реакциялық ұлтшылдық қозғалыстардың жетекшілері Абайдың шәкірттері болғанын айтады. Әуезов басқа әдеби қателіктерге кінәлі болды, бірақ ол әлі де университеттік лауазымға ие және оның кітаптары әлі де бар және танымал екенін Уилер осы мақаласында жазды.

Тарихты қайта жазу, яғни жаңа тарихи теорияларды енгізу, кейде ескілерді қайта енгізу әрқашан кеңестік мәдени саясаттың маңызды белгісі болғандығына автор ерекше тоқталған. Орталық Азия тарихы мәселесінде кеңестік тарихшылар өздерін басшы қалпында сезінгендігін айтады. Олар революцияға дейінгі кезеңге қатысты империялық мұрағаттарға, әсіресе 1916 жылғы көтеріліс сияқты маңызды оқиғаларға қол жеткізе алды деп көрсетеді. Автор революциядан кейін олар бар тарихи білімді растайтын немесе жоққа шығаратын археологиялық зерттеулер жүргізе алды деп айтады.

Орталық Азия тарихшыларына қарсы жасалған ең нақты және жиі шағымдардың бірі Уилердің ойынша — олар Орталық Азия халықтарын патша және феодалдық иелерінен босатудағы орыс

халқының ролiне тек суық назар аударғанымен, олар Орталық Азияда болған түрлi көтерiлiстердi егжей-тегжейлi сипаттады, тiптi кейбiр көтерiлiсшiлердiң ерлiктерiне тандануға бейiм болды. Тиiсiнше, кеңес жазушылары бұл көтерiлiстердiң тарихын патша әкiмшiлiгiне, феодалдық аксүйектер мен дiни жетекшiлерге, сондай-ақ көтерiлiстердi өз пайдасына пайдалануға тырысқан шетелдiк державалардың агенттерiне нұқсан келтiретiн етiп қайта жазуға тырысқандығын жазды.

Келесi бiр ағылшындық Орта Азия зерттеушiсi Уолтер Коларз 1950-1960 жылдардағы Ұлыбританияның ең танымал кеңесшiлерiнiң қатарына жатады, ол Англияға Чехиядан көшiп, Лондон университетiнде ұзақ уақыт жұмыс iстедi. 1939 жылы ресейлiк эмигрант әйелi Александрамен бiрге Ұлыбританияға қоныстанды және BBC-дiң аналитикалық қызметiнде жұмыс iстедi.

1942 жылы ол өзiнiң бiрiншi кiтабын «Сталин және Мәңгiлiк Ресей: Кеңестiк патриотизмнiң тамыры» [9], одан кейiн «Шығыс Еуропадағы мифтер мен шындықтар» [10]; «Ресей және оның отарлары» [11], «Ресей қалай басқарылады» [12], «Кеңес Қиыр Шығысының халықтары» [13] атты басылымдарды жарыққа шығарды.

Коларздың дiни тақырыпқа деген ерекше қызығушылығы «Кеңес Одағындағы Ислам» [14] және «Кеңес Одағының дiндерi» [15] кiтаптарында көрiнiс тапты. Оның еңбектерiнде, атап айтқанда, кеңестiк кезеңдегi дәстүрлi мұсылман диапазонындағы халықтардың өмiрiндегi исламның ролi нақты дiни тәжiрибеге енбейдi, бiрақ өзiн-өзi анықтау және күнделiктi әдет-ғұрып деңгейiнде маңызды болып қала бередi.

Коларздың 1945 жылдан бастап ағылшын тiлiндегi әдебиетпен айналысатын «Коммунизм және отаршылдық» мақалалар жинағы және оның аннотацияланған библиографиясы «Коммунизм туралы» кiтаптары [16] қайтыс болғаннан кейiн жарық көрдi.

1955 жылы Коларздың «Бүгiнгi Кеңес Одағындағы үкiмет пен халық» мақаласы «Халықаралық қатынастар» журналында жарияланды. Автор Сталин қайтыс болғаннан кейiн Кеңес Одағының Коммунистiк партиясы көшбасшының жеке басына табынудан бас тартқандығын жазды. Кеңес газеттерi бұдан былай кез келген адамға үлкен құрмет көрсетпейдi, ал кеңес жазушылары мен ақындары бұдан былай сталиндiк кезеңге тән жағымды ғибадатты бiлдiрмейтiнiн көрсеттi. Сталиннiң мұрагерлерi өздерiнiң iс-әрекеттерiмен кеңестiк коммунистiк жүйенiң қаншалықты танымал емес екенiн, оның Ресей халықтарының негiзгi ұмтылыстарынан қаншалықты алшақтағанын айтады [17; 436].

Коларз қайтыс болғаннан кейiн шыққан «Коммунизм және отаршылдық» атты еңбегiнiң «Қазақтардың қасiретi» деп атаған тарауы Қазақстанға арналған. Оның пiкiрiнше, Қазақстанда еш жерде болмағандай, кеңестiк жүйенiң отарлық сипаты көрiндi: «Қазақтар Кеңес Одағының экономикалық мүдделерiне құрбандыққа шалынды» делiнген [18; 44].

Ағылшын тарихнамасында француз тiлiндегiдей, Орталық Азияның кеңес отары ретiндегi тарихына бiрден-бiр көзқарасы басым болды. 1960-жылдардың ортасында бiрқатар авторлар кеңестiк саясаттың аймақ үшiн маңызын қайта бағалауға тырысты. Әрине, бұл еңбектерде экономика, яғни Орталық Азия қоғамын жаңғыртуға бағытталған кеңестiк саясаттың экономикалық әсерi бiрiншi орынға қойылды. Орталық Азиятанудағы бұл бағыттағы ең елеулi құбылыс Виолет Конноллидiң «Оралдан ары: Кеңестiк Азиядағы экономикалық даму» [19] кiтабы болды.

Лондон университетiнде Орталық Азиядағы мамандардың жаңа буыны Ширин Акинер болып табылады, ол 1983 жылы шыққан «Кеңес Одағының Ислам халықтары» [20] атты анықтамалық-энциклопедиялық еңбектiң авторы.

Британдық Ширин Акинер 1943 жылы Үндiстанның Дакка қаласында дүниеге келген. Акинер Лондон университетiнiң Шығыс және Африкату мектебiнiң ғылыми қызметкерi болды. Ол 1980 жылы Лондон университетiнiң колледжiнде Липка белорус татарларының мұрасын зерттеушi ретiнде «Британ кiтапханасының татар-беларус кiтабының дiни сөздiгi» [21] атты диссертациясын қорғап, докторлық дәрежесiн алды.

Акинер көптеген ғылыми еңбектер жазды, оның iшiнде Өзбекстан мен Қазақстан туралы. Америка Құрама Штаттары шығаратын Орталық Азия және Кавказ зерттеулерi журналының редакциялық-консультациялық кеңесiнiң мүшесi, Британ-Өзбек қоғамының төрағасы болды.

1997 жылы Акинер «Балқыту қазаны? Орталық Азиядағы этникалық және дiни бiрегейлiктi манипуляциялау және жұмылдыру» атты мақаласын «Этникалық және нәсiлдiк зерттеулер» журналында жариялады.

Осы мақалада автор 1960 жылдары қос кеңестiк-ұлттық бiрегейлiк берiк орныққанын айтады. Тарихтың кеңестiк түсiндiрмелерi, сондай-ақ кеңестiк өнер, әлеуметтiк құндылықтар мен ұмтылыстар

нормаға айналды деп көрсетеді. Дәл осы уақытта наразылық немесе кем дегенде саналы наразылық емес, керісінше олардың шығу тегіне деген қызығушылығынан Орталық Азияда стихиялық этникалық қайта өрлеу басталғанын жазады.

Алғаш рет бұл 1930 жылдардағы отырықшылық және ұжымдастыру науқандары кезінде ең көп шығын мен мәдени қуғын-сүргінге ұшыраған қазақтар арасында айқын көрінді деп Акинер ерекше тоқталады. Бұл «этникалық түпнұсқалықтың» бір белгісі, қазақ отбасының қоғамдық өмірінің орталығы болған киіз үйдің пайда болуы деп есептейді [22, 363].

2014 жылы «Орталық Азиядағы әлеуметтік және мәдени өзгерістер. Кеңес мұрасы» кітабы жарық көрді [23]. Оның редакторлары: Севкет Акылдыз және Ричард Карлсон. Севкет Акылдыз Ұлыбританиядағы Аркадия университетінде сабақ береді және Лондон университеті, Ұлыбритания, Шығыс және Африкату мектебінің постдокторанты.

Ричард Карлсон қазіргі уақытта еуропалық, түрік және Каспий энергетикалық мәселелеріне назар аударатын энергетика саласындағы зерттеуші және талдаушы. Ол Еуразиялық зерттеулер қоғамының негізін қалаушылардың бірі және осы веб-сайттың редакторы.

Кеңестік кезеңдегі де, посткеңестік дәуірдегі де кеңестік мәдениетке және оның әлеуметтік салдарына назар аудара отырып, бұл кітап Орталық Азиядағы Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түркіменстан және Өзбекстан мемлекеттеріндегі кеңестендіру мен әлеуметтенумен байланысты маңызды тақырыптарды қозғайды.

Кітап әртүрлі пәндер ғалымдарының еңбектерін камтиды және білім беру, антропология, музыка, әдебиет және поэзия, кино, тарих және мемлекеттік бірегейлікті қалыптастыру және әлеуметтік трансформацияны қоса алғанда, қазіргі Орталық Азия зерттеулерінде біршама шеттетілген тақырыптарға арналған. Онда кеңестік мұраның Орталық Азия республикаларының дамуына қалай әсер еткені және оның аймақтың қоғамына, мәдениетіне және саясатына қалай әсер етіп жатқаны қарастырылады. Орталық Азиядағы әрбір мемлекет барған сайын өзінше дамып келе жатқанымен, бұл кітап мемлекеттердің бұрынғы кеңестік кезеңнің ықпалын сол немесе басқа дәрежеде сақтап қалғанын, сонымен қатар өздерінің кеңестік мұраларына жауап ретінде белсенді түрде жаңа саяси бірегейліктерді жасап жатқанын көрсетеді. Сондай-ақ кеңестік дәуірге дейінгі және кеңестік бейнелер мен әңгімелерді қайта анықтайды және ойлап шығарады.

Кеңестік Орталық Азияның мұрагер мемлекеттеріндегі кеңестік мұра мәселесіне жаңа жарық түсіретін және баламалы перспективаларды ұсынатын кітап орыс және Орталық Азиятану ғалымдарын қызықтырады.

Харун Йылмаз Оксфорд университетінде оқытушы. Оның докторлық зерттеулері мен алдағы монографиясы 1936-1953 жылдар аралығындағы, яғни Сталин тұсындағы Әзірбайжан, Қазақстан және Украинадағы ұлттық болмыстың қалыптасуына арналған. Оның осы кітапта «Қазақ батырларының кеңестік құрылысы» атты мақаласы жарияланып, XIX ғасырдағы қазақ рулары арасындағы Ресейге қарсы көтерілістердің 1920-30 жылдардағы ұлттық тарихты жазуға ұмтылған қазақ тарихшыларының көкейінде жүрген тақырыптары болғанын айтады. Бұл тарихшылар өз әңгімелерін сол кезде марксистік және прогрессивті деп саналған Покровский схемасына сәйкес құрылымдады. Автор атап өткендей, көптеген себептерге байланысты кеңес тарихшылары батырларды ұлттық тарихқа қолайлы тұлғалар ретінде қарастырды. XX ғасырдың 30-жылдардың ортасында кеңестік тарихнамада үлкен өзгерістер орын алып, Покровскийдің ұстанымдары артта қалды. Осы өзгерістерді ескере отырып, XIX ғасырдағы қазақ даласындағы Ресейге қарсы көтерілістер Қазақстанда жағымсыз тақырыптарға айналды деп болжайды автор. Алайда 1934-36-жылдардан кейін орыс ұлттық әңгімесінің жандануы XIX ғасырдағы орысқа қарсы көтерілістерге тоқталуда қазақтың ұлттық тарихын жазуға кедергі бола алмады, - дейді. Алматыдағы тарихшылар бұл көтерілістер туралы материалдарды зерттеп, жариялауды жалғастырғанын айтады. 1941 жылы шыққан сол ұлттық тарих оқулығында осы оқиғалар кеңінен қамтылғанын көрсетеді.

Орталық Азияның тағы бір зерттеушісі Рико Исаакс Оксфорд Брукс университетінде саясаттану мамандығы бойынша білім алуда. Оның зерттеулері посткеңестік Орталық Азиядағы мемлекеттік құрылыс пен институттарға бағытталған. Ол Орталық Азияның саясаты мен мәдениеті туралы үнемі жазады. Оның «Көшпенділер, соғыстар және бюрократтар: посткеңестік Қазақстандағы ұлт құрылысы және кино» кітабы Қазақстандағы ұлттық құрылысты оның посткеңестік киноиндустриясының призмасы арқылы зерттеуге бағытталған қызықты жобасы [24]. Осы кітаптың «Қазақ киносының туу тарихы» және «1960-1970 жылдар: Қазақ киносындағы ұлттық ояну: Кеңестік қазақ киносының екі әлемі» атты екінші тарауы осы кезеңдегі кинематографиялық туындылардың

Қазақстандағы мемлекет құрылысы үшін маңызы зор деген пікірге жетелейді. Біріншіден, осы тарауларда көргеніміздей, кино «қазақ» ұлтын елестетуде дала, салт-дәстүр, өнер, домбыра тарту, ауыл көрінісі және діни әдет-ғұрыптар сияқты қабылданған ұлттық белгілерді көрсету арқылы орталық рөл атқарды.

Екіншіден, «Амангелді», «Жамбыл», «Қыз Жібек» сияқты фильмдер қазақ үкіметінің жоғары бюджеттік тарихи эпостар, қазақ тарихын түсіндіру үшін қалай пайдаланатынын және олардың нақты идеясын көрсетеді, — дейді автор.

Кэмерон Сараның 2018 жылы жарық көрген «Аш дала» кітабында ұжымдастыру бүкіл Кеңес Одағында экономикалық және гуманитарлық апат болды, бірақ оның салдары кеңестік Қазақстандағыдай апатты еш жерде болмаған деген қорытындыға келген. Республика ашаршылықтан өз халқының төрттен бірінен, шамамен 1,5 миллион адамынан айырылды, шенеуніктер табиғи апаттан кейін республиканың колхоздары мен зауыттарында жұмыс күші тапшылығын жеңу үшін күрескенін көрсетеді. Қазақстан дағдарысқа дейін Кеңес Одағының ең маңызды мал базасы болғанымен, дағдарыстың соңына қарай республика мал басының 90 пайызынан айырылғанын айтады [25].

Қорытынды

Қорыта айтқанда, XX ғ. екінші жартысы — XXI ғ. басы аралығындағы кеңестік кезеңдегі Қазақстан тарихы ағылшын зерттеушілердің ғылыми шығармаларындағы қазақтардың және олардың арғы ата-бабаларының шығу тегі, салт-дәстүрлері мен сенімдерін баяндайтын деректер өздерінің тарихи құндылықтарымен ерекшеленеді. Сонымен бірге ағылшын зерттеушілерінің еңбектерінде Қазақстандағы XX ғасырдың ортасы мен аяғындағы интеллектуалды атмосфера коммунистік идеологияға тәуелді болғанын көрсетеді.

Ұлтымыздың нақты шындыққа негізделген толыққанды объективтік тарихын жасаудың басты талабы — қазақ халқының өткен кезеңдеріне байланысты бүгінге дейін ғылыми ортаға енбеген шетелдік, отандық деректердің барлығын пайдалану болып табылады.

Солардың ішіндегі архив мәліметтерін, шетелдердегі байырғы жоғары оқу орындарының, ғылыми-зерттеу орталықтарының концептуалдық ұстанымдарымен, тарихи мұражайларының құжаттарымен жұмыс істеу аса маңызды.

Мақала 2022–2024 жылдарға арналған Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің № АР14872088 «Ұлттық тарих — XX ғасырдың 40–50 жылдарындағы Қазақстанның зияткерлік тарихының өзегі» гранты бойынша ғылыми жобаны орындау шеңберінде дайындалды.

Р.М. Жумашев, А.Қ. Мейрамбеков

Культура Казахстана советского периода в английской историографии второй половины XX–начала XXI вв.

В статье представлен анализ трудов английских ученых, рассказывающих об истории Казахстана советского периода второй половины XX–начала XXI вв., истории местного населения, хозяйстве, культуре, традициях, религиозных верованиях. Историография рассматривается нами как специальная историческая дисциплина, изучающая историю накопления исторических знаний, методологию развития и изучения исторической мысли, историю создания исторических трудов и биографий ученых, историю научных учреждений, организацию исторического образования и распространение исторических знаний. Основной целью написания статьи было ознакомление исследователей с научной средой, современным читательским сообществом. Авторами проведен научный анализ произведений европейских, английских исследователей, писавших о культуре, традициях, религиозных верованиях казахов в период с XX по начало XXI вв. По теории и методологии научного исследования в основном использовались методы историзма, объективности, исторического сравнительного анализа и исторической системности. В послевоенные годы Англо-американская советология доказала свое право занимать достойное место в мировой историографии, пользовалась спросом не только в западных странах, но и в странах бывшего Советского Союза. Наибольшая точность и глубина анализа отмечены в работах Джеффри Уилера, Уолтера Коларца, Ширин Акинер, Севкета Акылдыза, Ричарда Карлсона, Виолет Коннолли, Сары Кэмерон, Харуна Йылмаза, Рико Исаакса. В написании настоящей статьи за основу были взяты книги и статьи советских исследователей, в том числе и по истории Казахстана.

Ключевые слова: советская культура, киноискусство, языковая политика, английские исследователи, казахское хозяйство, традиции, религиозные верования, советская история.

R.M. Zhumashev, A.K. Meirambekov

The culture of Kazakhstan of the Soviet period in the English historiography of the second half of the XX - early XXI centuries

The article provides an analysis of the work of English scientists who tell about the history of Kazakhstan in the Soviet period of the second half of the XX-early XXI centuries, the history of the local population, economy, culture, traditions, religious beliefs. We consider historiography as a special historical discipline that studies the history of the accumulation of historical knowledge, the development of historical thought and research methodology, the history of the creation of historical works and biographies of scientists, the history of scientific institutions, the organization of historical education and the spread of historical knowledge. The main purpose of writing the article was to introduce researchers to the scientific environment, the modern community of readers. The article conducted a scientific analysis of the works of European and English researchers who wrote about the culture, traditions, and religious beliefs of Kazakhs in the period from the XX century to the beginning of the XXI century. According to the theory and methodology of scientific research, the methods of historicism, objectivity, historical comparative analysis and historical regularity were mainly used. In the post-war years, Anglo-American Sovietology proved its right to take a worthy place in World historiography, and was in demand not only in Western countries, but also in the countries of the former Soviet Union. The most accurate and deep analysis was distinguished by the works of Jeffrey Wheeler, Walter Kolarz, Shirin Akiner, Sevket Akıldız, Richard Carlson, Violet Connolly, Sarah Cameron, Harun Yilmaz, Rico Isaacs. At the beginning of writing the article, the books and articles of these researchers of the Soviet history, including Kazakhstan, were taken as a basis.

Keywords: Soviet culture, film art, language policy, English researchers, Kazakh economy, traditions, religious beliefs, Soviet history.

References

- 1 Wheeler, G. (1960). *Racial Problems in Soviet Muslim Asia*. London, New York, Bombay: Oxford University Press.
- 2 Wheeler, G. (1964). *The Modern History of Soviet Central Asia*. London: Oxford University Press.
- 3 Wheeler, G. (1966). *The Peoples of Soviet Central Asia: A Background Book*. London: Bodley Head.
- 4 Wheeler, G. (1976). The study of Soviet central Asia today. *Middle Eastern Studies*, 12(2), 169–176. doi:10.1080/00263207608700314.
- 5 Wheeler, G. (1975). The Russian Presence in Central Asia. *Canadian Slavonic Papers*, 17(2-3), 189–201. doi:10.1080/00085006.1975.11091.
- 6 Wheeler, G. (1967). Russia and China in Central Asia. *Journal of The Royal Central Asian Society*, 54(3), 254–263. doi:10.1080/03068376708732001.
- 7 Wheeler, G. (1955). Soviet Policy in Central Asia. *International Affairs*, 31(3), 317–326. doi:10.2307/2607258.
- 8 Wheeler, G. (1968). A new look at oriental studies. *Journal of The Royal Central Asian Society*, 55(1), 12–19. doi:10.1080/03068376808732011.
- 9 Kolarz, W. (1942). *Stalin und das ewige Russland: die Wurzeln des Sowjetpatriotismus*. London: Lincolns-Prager.
- 10 Kolarz, W. (1946). *Myths and Realities in Eastern Europe*. London: Lindsay Drummond.
- 11 Kolarz, W. (1952). *Russia and her colonies*. London: G. Philip and Son.
- 12 Kolarz, W. (1953). *How Russia is ruled*. London: Batchworth.
- 13 Kolarz, W. (1954). *The peoples of the Soviet Far East*. New York: Frederick A. Praeger.
- 14 Kolarz, W. (1960). *Islam in the Soviet Union*. Karachi: Pakistan Committee: Congress for Cultural Freedom.
- 15 Kolarz, W. (1961). *Religion in the Soviet Union*. New York, St. Martin's Press.
- 16 Kolarz, W. (1964). *Books on communism: a bibliography*. Ampersand.
- 17 Kolarz, W. (1955). Government and People in the Soviet Union Today. *International Affairs*, 31(4), 435–446. doi:10.2307/2604819.
- 18 Kolarz, W. (1964). *Communism and Colonialism*. London: Macmillan.
- 19 Connolly, V. (1967). *Beyond the Urals. Economic Development in Soviet Asia*. London: Oxford University Press.
- 20 Akiner, S. (1983). *Islamic Peoples of the Soviet Union*. London: Paul Kegan.
- 21 Akiner, S. (1980). *The religious vocabulary of the British Library Tatar-Byelorussian Kitab*. University of London.

- 22 Akiner, S. (1997). Melting pot, salad bowl - cauldron? Manipulation and mobilization of ethnic and religious identities in Central Asia. *Ethnic and Racial Studies*, 20(2), 362–398. doi:10.1080/01419870.1997.9993966.
- 23 Akyldyz, S., & Carlson, R. (2017). *Social and Cultural Change in Central Asia. The Soviet legacy*. Routledge.
- 24 Rico, I. (2018). *Film and identity in Kazakhstan Soviet and Post-Soviet*. I.B.Tauris & Co. Ltd London.
- 25 Cameron, S. (2018). *The hungry steppe, Famine, Violence, and the Making of Soviet Kazakhstan*. Cornell University Press.